



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

5. Об утверждении квалификационных требований к аудиторским организациям по проведению обязательного аудита: приказ Министра финансов Республики Казахстан от 13 ноября 2014 г. №490. - URL : [http:// online.zakon.kz/Document/?doc_id=31307283](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31307283).

6. Генеральное Соглашение по торговле услугами ВТО. - URL : <http://www.wto.ru/content/documents/docs/prillB.doc>.

7. Айтжанова, Ж. Некоторые вопросы регулирования аудиторской деятельности в условиях вступления Казахстана в ВТО / Ж. Айтжанова, А. Алиева // Экономика и статистика. - 2006. - №1. - С. 82.

8. Арзуманова, Л.Л. Правовое регулирование аудиторской деятельности в Российской Федерации / под ред. Е.Ю. Грачевой - М.: Проспект, 2011. - С. 144.

ӘОЖ 346.26

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПкерлік СУБЪЕКТІлерінің және ҰЙЫМдық-құқықтық нысандарының ЕРЕКШЕЛІЕТЕРІ

Оразалиев Кайырбек Уткирулы

Kair1259batyl@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті экологиялық және кәсіпкерлік құқық кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі Астана, Қазақстан

Ораз Рсай Ержанқызы

Rsai_96_1005@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті ҚҚ-13 тобының

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Біздің елімізде меншіктің әр түрлі нысанында негізделген экономика қалыптасуында, себебі кез-келген елде экономиканың өсу деңгейі меншіктік қарым қатынастардың пайда болуымен өзара тығыз байланыста, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің әлемдік нарыққа шығу мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президенті жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету туралы «Жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы» және «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау» туралы Заңдарды шығарды.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызметтің субъектілері заң жүзінде белгіленген. Олар: Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ шетелдік және заңды тұлға резиденттер болып табылады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға-азамат заңды тұлға құрып немесе құрмай айналыса беруіне болады. Ал ұжымдық кәсіпорындар, кооперативтер немесе әкімшілік-аумақтың кәсіпкерлік қызметтері өз меншіктерінің негізінде заңды тұлға құру арқылы кәсіпкерлікпен айналысады[1].

Заңды тұлға құрмайтын жеке адамдар және қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жалпы құны ішінде алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, кәсіпкерлікпен айналысатын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады. Шағын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асырады.

Заңды тұлға құрмайтын жеке кәсіпкер, сондай-ақ мынандай ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар:

- толық серіктестік;
- сенім серіктестік;
- жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- өндірістік кооперативтер – шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің орташа жылдық саны барлық

қызметкерлерді, оның ішінде жеке еңбек шарты бойынша, жұмысты қоса атқару бойынша жұмыс істейтіндер, осы субъект филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлерін ескере отырып анықталады. Қызметтің бірнеше түрін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері оған жылдық айналым көлемінде үлесі ең көп қызмет түрінің өлшемдері бойынша жатқызылады. Егер бір немесе бірнеше кәсіпкерлік субъектісінің өлшеміне сай келетін шаруашылық серіктестігін құрған жағдайда құрылатын субъектінің жарғылық қорындағы олардың үлесі 25%-дан аспауы керек[2].

Мыналарды:

- есірткі заттарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызметті;
- акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме сатуды;
- астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;
- лотереялар өткізуді;
- ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті;
- мұнай, мұнай өнімдерін, газ, электр және жылу энергиясын өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметті;
- радиоактивті материалдардың айналымымен байланысты қызметті;
- банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);
- аудиторлық қызметті;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті;
- кредиттік бюролардың қызметін;
- күзет қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып таныла алмайды[3].

Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және мынадай критерийлердің біріне немесе екеуіне де сәйкес келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан артық немесе жыл бойғы активтерінің жалпы құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері ҚР «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» Заңының үшінші бабының бірінші тармағында берілген ережелерден асып кеткен жағдайда жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жеңілдіктерден айырылады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігі. Кәсіпкерлік субъектілері ортақ мүдделерді және әрбір шағын бизнес субъектісінің мүдделерін білдіру мен қорғау, кәсіпкерліктің дамуы үшін мейлінше қолайды жағдайларды, адал бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен салалық салааралық, аумақтық белгілері бойынша сауда-өнеркәсіп палаталарын, қоғамдық бірлестіктер құруға құқылы.

Заңды тұлғалар – шағын кәсіпкерлік субъектілері қауымдастық (одақ) нысанында және жеке тұлғалар – шағын кәсіпкерлік субъектілері қоғамдық бірлестіктер құра алады.

Кәсіпкерліктің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласу фактілеріне жол бермеу мақсатында:

- нормативтік құқықтық актілердің кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне ықпалына тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізуге;
- құқық қорғау және бақылау органдарына кәсіпкерлердің құқықтарын бұзуға кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы материалдар енгізуге;
- кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге;
- шағын кәсіпкерлік субъектілердің мүдделеріне қысым жасаған мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне сот органдарына шағымдану;
- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шағын кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық

дамытудың аймақтық бағдарламасының жасауға қатысу.

Кәсіпкерлік қызмет түрлерінің кең спектіріне таралады, олар: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда сатып алу, делдалдық, инвестициялық, кеңес беру, қызмет көрсету және қаржылық деген бірнеше түрге таралған.

Өндірістік кәсіпкерлік - бұл кәсіпкер еңбек құралдары, жұмыс күші факторларын пайдалана отырып, тауарлар, қызметтер, жұмыстар, тұтынушыларға, сатып алушыларға, сауда ұйымдарына әрі қарай сату үшін ақпарат өндіретін қызмет. Сонымен, кәсіпкерліктің бұл түрінде өндіріс функциясы - негізгі анықтаушы болмақ. Өндірісті жүзеге асыру үшін кәсіпкер мыналарды пайдаланады: жұмыс күшін, өндірістік қорларды, материалдар мен ақпараттарды. Сонымен қатар кәсіпкерге өз күшімен істей алмайтын қызметтер мен жұмыстар қажет, яғни ол сырттан тұлғалар мен ұйымдарды жұмысқа тартатын болады. Кәсіпкердің пайдасы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатудан келген кіріс пен өндірістен бастап, оны тұтынушылардың сатып алуына дейінгі шығындар арасындағы айырмашылық есебінен құралады.

Коммерциялық кәсіпкерлік - тауар-ақшалық, тауар-айырбаспен байланысты кәсіпкерлік. Кәсіпкер басқа тұлғалардан әрі қарай қайта сату үшін дайын тауарларды сата отырып, саудагер рөлінде болады. Бұл жағдайда кәсіпкердің шығындары нарықты зерттеу мен тауарларды сатып алу, тасымалдау, сақтау және өткізу операцияларын жүргізу үшін жұмыскерлер жалдаумен байланысты болады. Мұндай кәсіпкерлікте тауар фактор болып табылады, ал кәсіпкердің пайдасы тауарды сатып алу бағасынан жоғары бағамен сату жолымен құралады.

Қаржылық кәсіпкерлік – коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше формасы, онда сатып алу-сату заты ақша мен құнды қағаздар болып табылады. Оны кәсіпкер сатып алушыларға сатады немесе несиеге береді. Қаржылық кәсіпкерлік ақшаларды, валюталарды, құнды қағаздарды әлеуетті сатып алушылар туралы, валютаның бағамы, несиелік пайыз туралы, қаржы-несие операцияларын жүзеге асыру жағдайы және оларды рәсімдеу тәртібі жайлы, кәсіпкерге қажет ресурстардың көзі туралы ақпарат алуды талап етеді. Кәсіпкердің пайдасы өзара пайызбен қаржы ресурстарын сату, үстеме капитал алу нәтижесінде пайда болады.

Делдалдық – кәсіпкер өзі тауар-ақшалық операцияларда тауар айырбас процесінде тұрақты байланыстыратын делдал ретінде болатын кәсіпкерлік. Кәсіпкердің басты мақсаты: өзара келісім жасауға мүдделі екі жақты делдалдық осы жақтарын әрқайсысына қызмет көрсете алады деген негізде болатындай біріктіру және қосу әдісі. Осындай қызметтерді көрсеткені үшін кәсіпкер комиссиялық түрінде табыс табады.

Сақтандыру кәсіпкерлігі кәсіпкердің нақты ақыға күтпеген бақытсыздықтың салдарынан дүние мүлікті, құндылықтарды, өмірінен айырылудан сақтандырушыға өтем ақы төлеуге кепілдік береді. Кәсіпкер сақтандырушыдан сақтандыру жарнасын алады, оны сақтандыру оқиғасы болған жағдайда қайтарады. Осындай оқиғаның бөлу ықтималдығы шамалы, онда жарнаманың талғам бөлігі кәсіпкерлік кірісті құрайды.

Кәсіпкерлік қатысушы жеке меншік иелерінің санына байланысты келесі формаларға бөлінеді жеке және ұжымдық. Кәсіпкерліктің бұл формалары өз кезегінде заңнамалық актілермен реттелетін, кісіпорнының нақты ұйымдастыру-құқықтық формасының шеңберінде жүзеге асырылады. Кәсіпкерік қызметін ұйымдастыру формасы кәсіпорындағы серіктестер арасындағы ішкі қатынастар мен мемлекеттік органдармен және басқа кәсіпорындармен қатынастардан тұратын нормалардың нақты жүйесі түрінде болады.

Кәсіпорын түрінде заңды тұлға құрмаған жеке формалар бастамалық жеке кәсіпкерлікке жатады. Жобаны жүзеге асыру үшін жеткілікті ресурстарға ие және шешімдерді қабылдау процесін бақылауға бейім материалдық және заңдық жауапкершілікке толық дайын индивидуум фирма қожайны бола отырып, жеке кәсіпкерлік формасын қалайды. Жеке кәсіпкерлік жағдайында капитал тарту қожайынның жеке қаражатынан қаржы бөлуге негізделген. Кәсіпкер жеке меншікті қоса отырып, өзінің барлық міндеттері бойынша жауапты болады. Жеке кәсіпкерлік өндірістік секторда шамалы орын алады.

Ұжымдық кәсіпкерлікте жеке меншік әр қайсысының үлесін анықтаумен немесе үлесін анықтаусыз бір уақытта бірнеше субъектілерге қатысты болады. Оған мыналар жатады: серіктестік, акционерлік қоғамдар, кооперативтер.

Серіктестік екі немесе одан көп серіктердің қатысуымен құрылады. Серіктестіктің артықшылықтары қосымша капитал тарту мүмкіндігі және әрбір серіктестік білімімен шеберлігінің негізінде кәсіпорын ішінде мамандандыруды жүзеге асыру болып табылады. Кемшілігі: әрбір қатысушы қосқан үлесінің мөлшеріне тәуелсіз тең материалдық жауапкершілікте болуы; бір серіктестік әрекеті қалғандарына міндетті болып саналуы, олар әрекетпен келіспесе де. Серіктестіктер толық серіктестік және коммандитті серіктестік деген топтарға бөлінеді. Коммандитті серіктестіктерден жартысы шектелмеген, ал қалған жартысы шектелген жауапкершілікке ие болады.

Қоғамдар екеуден кем емес азаматтардың, не заңды тұлғалардың шаруашылық қызметін жүзеге асыру мақсатында үлестерін біріктірумен құрылады. Жауапкершілігі шектелген қоғамның қатысушылары оның міндеттері бойынша жауап бермейді, тек оларды қосқан үлестерінің құны шегінде жауап береді. Қосымша жауапкершілігі бар қоғамның қатысушылары өздерінің барлық дүние мүлкімен жауапты болады. Құнды қағаздар-акцияларды шығару жолымен қажет қаражатты өзіне тартатын қоғамдар акционерлік деп аталады. Акционерлік қоғамның қатысушылары оларға тиісті акциялардың құны шегінде оның қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Кооперативтер – тұлғалар тобы мен пайлық жарналардың негізінде біріккен өндірістік немесе басқа шаруашылық қызметтерінен құрылған кәсіпорын[4].

Жеке, отбасылық және ұсақ кәсіпкерлік бастамашылықтар шағын кәсіпорындар базасында құрылады. Шағын кәсіпкерліктің өз артықшылықтары бар: нарықтың сұраныстарына тез әрекет ету және иелімдік, жаңа техниканы, өнер табыстарын енгізумен байланысты жұмыстарды орындау кезіндегі мобильділік; ресурстарды өте үнемді пайдалану; басқару құрылымдарын ұстау мен байланысты шығындарды азайту; капитал айналымының жоғары жылдамдығы.

Экономиканың даму және өсуі тек қана шағын кәсіпорындарға ғана негізделмейді. Қазіргі өндірістің алып масштабтары ең бастысы ірі масштабты кәсіпкерлікке негізделген, ол шағын кәсіпкерліктің гүлденуіне мүмкіндік береді.

Ірі кәсіпорындар шағындармен салыстырғанда кәсіпкерлік табысқа мүмкіндіктері болады, өйткені бір қатар артықшылықтар бар. Оған мыналарды жатқызуға болады: жаңа өте қымбат өнімділігі жоғары жабдықты пайдалану мүмкіндігі; кең масштабты маркетингтік зерттеулер жүргізу, персоналдық біліктілік деңгейін жоғарлату; жабдықты жүктеуді ұлғайту; ішкі мамандыру мен біріктіруді пайдалану. Мұнда кәсіпкерлік ғылыми негізгі қойылған осы бағытта кең масштабты жұмыс жүргізіледі.

Ірі масштабты кәсіпкерліктің артықшылықтары өнім шығаруға және әр түрлі қызметтерді көрсетуге, ұлттық өндірушілер мен ғана емес, сонымен бірге сыртқы нарықтағы бәсекелестермен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде кәсіпорындардың ғана емес ел экономикасында сыртқы сауда байланысын кеңейтеді, ірі масштабты кәсіпорындарды ала отырып көптеген жаңа жұмыс орындары құрылады, бюджетке төленетін салықтар арқылы түсетін қаражат ұлғаяды және тұтасымен алғанда бұл процесс елдің экономикалық өсуіне мүмкіндік жасайды.

Қазіргі уақытта ҚР-нда кәсіпкерлік әр алуан түрде дамуы орын алған. Қызмет түрі бойынша - өндірістік коммерциялық қаржы. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мөлшері бойынша - шағын, орта, ірі. Жеке меншік сипаты бойынша - жеке, біріккен. Ұйымдастыру формасы бойынша - жеке және ұжымдық (серіктестіктер, акционерлік қоғамдар)[5].

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің заңнамалық негіздері 90-жылдары құрыла бастады. Бизнестің осы түрін қалыптастыруға және дамыту мәселелерін реттеуге бағытталған заңдар мен заңнамалық актілер қабылданған және қолданады. Олар кәсіпкерлікті дамытудың көптеген мәселелерін қамтиды, мысалы: шаруашылық қызметтің

бостандығы жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау; шаруашылық серіктестіктердің; акционерлік қоғамдарды, өндірістік кооперативтерді мемлекеттік кәсіпорындарды жеке кәсіпкерлікті, қожалық шаруашылықтарды, әлеуметтік экономикалық аймақтарды дамыту; лицензиялау, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу; шағын кәсіпорынды мемлекеттік қолдау, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау.

Қорыта келе, Қазақстанда құрылған кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі сауда саласында қызмет жасайды. Өйткені сауда немесе коммерциялық бизнес басқа бизнес түрлеріне қарағанда жақсы дамыған. Бұның дәлелі, Қазақстан қалаларындағы әр түрлі дүкендер мен базарлар саны. Ұзақ мерзімде кәсіпорындар тек саудамен ғана емес, экономиканың әр саласында жұмыс істеуі қажет. Сол үшін мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілеріне жан-жақты көмек көрсетуі қажет. Жалпы кәсіпкерліктің экономикалық белсенділігі мен әлеуметтік бағдар ұстауының кепілі оның өздігінен қоғамның орташа топтарына жататындығы емес, оның дәулеті мен тұрмысының нақты шынайы меншікке негізделуі болып табылады. Қазір уақытта шағын кәсіпорындар жұмыс істеп тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің 80 пайызын құрайды. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған шешімдерді орындауда іркіліс байқалады. Бұл жерде басты себеп – бюрократиялық қысымдар. Осындай және басқа да себептерге байланысты кәсіпкерлер бөлігі жасырын салаға өтіп жатыр. Осы жағдайда ескеретін жәйт, кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау, тексеруші органдардың және рұқсат беруші құжаттардың санын азайту. Осыған байланысты Елбасының жарлығында аталған бюрократиялық қысымдарға, яғни шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін орынсыз тексерулерге 2014 жылдың соңына дейін мораторий жарияланған болатын. Ал 2015 жылдың 1-ші қаңтар айынан бастап, кәсіпкерлік заңнамасын мүмкіндігі жағынан аса көп бұзған кәсіпкерлік субъектілерге жоспарлы тексерулер болатындығын ескерткен болатын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодесі, Жалпы бөлім, 27.12.1994 // (өзгертулер мен толықтырулармен 09.09.2011).
2. Грузинов В., Грибов В. Предпринимательство формы и методы организации предпринимательской деятельности // Экономика предприятия. – М., 2002г. // 112 бет
3. Қазақстан Республикасы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы, 31.01. 2006 // www.adilet.zan.kz
4. Қазақстан Республикасының 16.01.2001 ж. «Өндірістік кооператив туралы» Заңы// www.adilet.zan.kz
5. Право и предпринимательство в Республике Казахстан. - Алматы: Жеті жарғы, 1994. // 144 бет.

ӘОЖ 346.26 (574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БАНКРОТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оразалиев Кайырбек Уткирулы

Kair1259batyl@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті экологиялық және кәсіпкерлік құқық
кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халықына жолдауында «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыттарын көрсеткен болатын. Онда кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау туралы өз пікірлерінмен бөлісті. Жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы